

**Жақсыбайкөл негізгі мектебінің 2024-2025 оқу жылында
8 сыныппен жүргізілетін
тәрбие жұмысының талдауы**

2024-2025 оқу жылында 8 сыныпқа 7 оқушы қабылданды. Оның 5-еуі ұл балалар, 2-еуі қыз балалар. Әлеуметтік құрамы жақсы, материалды жағынан жеткілікті қамтылған. Сынып оқушылары ұйымшыл, бір-бірімен жақсы қарым-қатынаста болды. Жылдық қорытынды бойынша озат оқушылар саны-1, екпінділер-3, қалғаны орташа көрсеткішті көрсетті. сапалық көрсеткіші – 57.14 % құрады.

Үздік оқушылар: Айсина Ж

Екпінділер: Әлім Р., Жексенғалиева С., Хамит Ш.

Сыныптағы 4 оқушы “Дебат клубы” үйірмесіне, 5 оқушы “Шебер қолдар” үйірмесіне, 4 оқушы “Воллейбол” үйірмесіне қатысты. Сынып оқушылары мектепішілік конкурстар мен сайыстарға, мерекелік шараларға, сыныптан тыс жұмыстарға белсене, бірігіп ұйымдастырып құштарлана қатысты.

***Құжаттар бойынша жұмыс**

- Жыл басында оқушылар өз деңгейі бойынша партаға орналастырылып, мүлікті сақтау мақсатында орындықтар мен парталар бекітіліп берілді;
- Мектеп әкімшілігі бекіткен сабақ кестесі толтырылды;
- Сабақ қатысымы туралы талаптар ескертілді;
- тоқсан сайын жеке құжаттар толтырылып, рәсімделіп отырды;

***Мектеп психологымен бірлескен жұмыс**

Мектеп психологы жыл бойы оқушылармен түрлі сауалнамалар, тест және тренинг жұмыстарын жүргізіп отырды. Жүргізілген жұмыстар нәтижесі бойынша:

Сыныптың үйлесімділігі: жоғары

Қарым-қатынас стилі: дотық

Оқушылар арасында мазасыздық деңгейі: төмен

Оқушылар арасында қолдау деңгейі: жоғары

Басым темперамент түрі: сангвининг-2, флегматик-5

Рефлексияға бейімділік: өз ойын жеткізе білу

Тәртіп деңгейі: жоғары

Импульсивтілікке бейімділік: айқын емес

Оқуға деген мотивация деңгейі: жақсы

Көшбасшылық қасиеттердің көрінуі: бір айқын көшбасшы

Мұғалімдерге құрметі: жоғары

Ынтымақтастыққа ашықтығы: жақсы

Сынға реакциясы: қабылдайды

Тәуекел тобындағы оқушылар саны: жоқ

***Әлеуметтік педагогпен бірлескен жұмыс**

-сыныптың құрамы, жалпы мінездемесі, әлеуметтік психологиялық мінездемелері анықталды;

-оқушылардың әлеуметтік жаңдайын тексеру мақсатында үйлерін аралап, ата-аналарымен байланыс орната отырып, оқушының өз бөлмесінің жабдықталуы қаралып, әлеуметтік паспорт айқындалды;

Сынып бойынша көп балалы отбасылар саны-4, толық емес отбасы саны-0.

***Сыныптағы тәрбие жұмысы**

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу-барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз-жасұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы.

Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтарымен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір-бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие мен мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады.

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысындағы тапсырмасына сәйкес 2023 жылы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы әзірленіп, барлық білім беру ұйымдарына енгізілді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысындағы тапсырмасына сәйкес Біртұтас тәрбие бағдарламасының мазмұны жаңартылды.

Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген үштаған ұғым арқылы сипаттады. Үштаған – бір-бірінен бастау алатын және өзара тығыз байланысты ұғымдар, ел ішінде заң мен тәртіпті қатаң сақтауды қамтамасыз етуді саясатымыздың тұғырлы қағидатына айналдыратын мықты демократиялық институттары мен дамыған құқықтық жүйесі бар әділетті мемлекетті құрудың шарты және еліміздің жаңғыруы мен әрі қарай дамуының стратегиялық бағдарын айқындайды. Бұл «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының басты идеясына айналды.

- **Бағдарламаның мақсаты:**

қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық

пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

- **Бағдарламаның міндеттері:**

- ✓ **Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:**

отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;

адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;

табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

- ✓ **Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:**

елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;

отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;

өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын

болуға баулу;

әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

- ✓ **Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:**

басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;

өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;

еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;

біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

- ✓ **Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:**

әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;

білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру.

- **Бағдарлама мазмұны:**

Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі

жағдайында жүйелі ұйымдастырылады. Бұл міндетті іске асыру білім беру мазмұны, сынып сағаттары

мен сыныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады.

Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;

Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;

Қаңтар – заң және тәртіп айы;

Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;

Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

№	Тәрбие сағатының тақырыбы	Мерзімі
1	«Менің Отаным Қазақстан»	қыркүйек
2	«Отбасындағы сыйластық»	қыркүйек
3	«Буллингтен қорған!»	қыркүйек
4	«Еңбек түбі береке»	қыркүйек
5	«Қоғамға қызмет ету»	қыркүйек
6	«Ұстазым - ұлағатым, үлгі өнегем!»	қазан
7	«Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам»	қазан
8	«Қазақ елі менің - Отаным»	қазан
9	«Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс»	қараша
10	«Ұлттық валюта-теңге»	қараша
11	«Буллингтен қорған!»	қараша
12	«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»	қараша
13	«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз!»	желтоқсан
14	«Буллингтен қорған!»	желтоқсан
15	«Тәуелсіздік – теңдесі жоқ байлығым»	желтоқсан
16	«Жаңа жылдық тарту»	желтоқсан
17	«Біз – сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!»	қаңтар
18	«Буллингтен қорған!»	қаңтар
19	«Заң және Тәртіп»	қаңтар
20	«Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам»	ақпан
21	«Буллингтен қорған!»	ақпан
22	Қауіпсіз қоғам	ақпан
23	«Құқықтық тәртіп және әлеуметтік жауапкершілік»	ақпан
24	«Алғыс – ізгі ниет»	наурыз
25	«Ананың аялы алақаны»	наурыз
26	«Наурыз – жыл басы»	наурыз

27	7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні	наурыз
28	Өмірге салауатты қадам	сәуір
29	«Буллингтен қорған!»	сәуір

***Қосымша бағыттар бойынша**

“Жедел жәрдем нөмірлері және сенім телефондары”, «Саяхат кезіндегі төтенше жағдайлар (өрт, жер сілкінісі, су тасқыны), «Желідегі жас шектеулері және олар не үшін қажет», “Менің қандай құқығым бар?”, «Өзіңіз туралы жеке ақпаратты беру қауіп», «Кибербуллингтің рөлдік құрылымы. Егер сіз қатысушы болсаңыз не істеу керек. Өзіңізге алғашқы көмек», «Қауіпті және болжанбайтын жағдайлардан, зиянсыз әзілдер мен ұсыныстарды қалай ажыратуға болады», «Ата – анамен және сенімді ересектермен қауіпсіздік мәселелерін қалай ашық талқылауға болады», «Күмәнді жағдайда салауатты және қауіпсіз өмірге апаратын жол», «Қауіпті селфи», «Жедел жәрдем нөмірлері және сенім телефондары», «Саяхат кезіндегі төтенше жағдайлар (өрт, жер сілкінісі, су тасқыны), «Желідегі жас шектеулері және олар не үшін қажет», «Реттеушінің белгілері», «Жол белгілері және олардың мақсаты», «ЖҚЕ негізгі түсініктері мен терминдері» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. Сонымен қатар, сынып бөлмелерін көгалдандыру, мектеп дәлізін, мектеп ауласын, көгалдандыру жұмыстарына белсене қатысты.

Оқушылар арасында құқық бұзушылықты болдырмау, алдын-алу мақсатында әр түрлі форматта жұмыстар ұйымдастырылды.

«Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» бала тәрбиесіндегі ата-ана рөлі тақырыптар қамтылды. Мектеп психологы Балпашова Г.И. өзінің жұмыс жоспарына сай сыныпта буллингке қатысты өзін-өзі бағалау мен және менің дінге көңілім т.б жұмыстар жүргізді. 2024-2025 оқу жылында оқушылармен жүргізілген жұмыстарда сыныптар бойынша бейресми оқушы анықталмады.

Оқушылардың бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру мақсатындағы сынып оқушылары төмендегі үйірме жұмыстарына қатысты.

Үйірмелер атауы		
Дебат клубы	Теннис	Воллейбол
Айсина Ж Жексенғалиева С Хамит Ш Әлім Р	Еркінбекұлы Ә Хамит Ш Әлім Р	Әлім Р Еркінбекұлы Ә Мұрат Б Айсина Ж

***Ата-анамен байланыс**

Жыл басында ата-аналармен танысу үшін сауалнамалар толтырылып, ата-ананы үнемі тыңдап, көмекші болу керектігін оқушылар білді.

2024-2025 оқу жылына 4 ата-аналар жиналысы жоспарланып, өткізілді. Жиналыстарда оқушылардың өз отбасын, ата-анасын құрметтеу, қоршаған ортамен жақсы қарым-қатынаста болу мақсатында “Отбасы құндылығы - сарқылмас қазына”, “Әлеуметтік желілер және ғаламтор кеңістігі: жоғары сынып оқушыларының қауіпсіздігі”, “Ұрпақтан ұрпаққа берілетін отбасылық дәстүрлер мен құндылықтары”, “Әрбір бала – жарық жұлдыз” тақырыбында баяндамалар, түсінік жұмыстары, тесттік тапсырмалар мен сауалнамалар алынып, тренингтер жүргізілді.

Сондай-ақ, ағымдағы мәселелер бойынша ата-аналар комитеті сайланды. Оқушылардың жалпы сабаққа қатысымдары, оқу үлгерімдері мен тәртіптері жөнінде ақпарат беріліп отырды. Журналыстар өз уақытында өткізіліп, жалпы ата-аналардың оқу-тәрбие

саласындағы ролі қаралды. Ата-аналар тарапынан балаға деген жауапкершілігі, оларға уақыт бөле отырып мұғаліммен бірігіп жұмыс жасауы, сынып оқушыларының тәртібі мен үлгеріміне көп көмегін тигізді.

***Қорытынды:**

Оқу жылында білім беру процесінің барлық қатысушыларымен өзара іс-қимылды жүзеге асырудың оң тәжірибесі жинақталды. Оқушылардың оқу және оқудан тыс іс-әрекетке саналы көзқарасын қалыптастыруды, сынып пен мектептің өміріне қызығушылық танытудың , оқыту мен тәрбиелеу процесіне оң көзқарасты атап өтуге болады.

Жақсы нәтижелерге қол жеткізудің көрсеткіштері қызметтің барлық түрлеріне қызығушылықтың артуы оқу және сабақтан тыс іс-шаралар процесі мен нәтижелеріне бейжай қарамау, барлық іс-шараға қатысу белсенділігі болып табылады. Оң нәтижелерге сыныптың ата-аналарымен ынтымақтастық пен мүдделі қарым-қатынастың жақсаруы жатады.

Сыныптағы тәрбие жұмысына талдау оқу жылы ішінде оқушылармен сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыруда, оқушылармен жұмыс жасауда оң тәжірибе жинақталғанын көрсетті.

Сынып жетекші: Сәндібек Айсұлу Тұрланқызы